

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ**

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«Бекітемін»

Ө. Жәнібеков атындағы

Оңтүстік Қазақстан

педагогикалық университетінің

Қауқары мүшесі – Стратегиялық

даму және әлеуметтік істер

жөніндегі проректор

Б.Қ. Исабек

2025 жыл



**2024-2025 оқу жылындағы Маркетинг бөлімінің
атқарған жұмыстарының жылдық есебі**

Шымкент, 2025 жыл

Маркетинг бөлімінің 2024-2025 оқу жылында жыл бойына атқарған жұмыстарының есебі

Маркетинг бөлімі Республика аумағына, Түркістан облысы аумағында және Шымкент қаласында мектеп (лицей, гимназия, колледж) бітіруші түлектерге педагогикалық бағыт бойынша мамандық (білім беру бағдарламасын) тандауда бағыт-бағдар беру жұмыстарын үздіксіз ұйымдастырады.

Маркетинг бөлімі бойынша өткізілген кәсіби бағдар беру іс- шаралары жайлы

2024 жылдың 17 қазан күні ZOOM платформасында ЖОО өкілдері, ғылыми бейінді орынбасарлар, кәсіптік педагогтер, 9-10-11 сынып оқушылары, ата-аналардың қатысуымен «Мамандығым-болашағым» тақырыбында онлайн-вебинар өтті. Вебинар барысында оқушылар ЖОО-ға виртуалды саяхат (экскурсия) жасап, әртүрлі мамандықтар бойынша оқу процесімен, зерттеу орталықтарымен және оқыту әдістерімен танысты. Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев Оқу ордамыздың құрылымы, факультеттер мен мамандықтар, академиялық мүмкіндіктер, ғылыми- зерттеу зертханалар мен материалдық-техникалық базасы туралы кеңінен таныстырып, оқушыларға пайдалы ақпарат берді.

2024 жылдың 24 қазан айында Ордабасы ауданы, Бадам елді мекені, «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында «Мамандықты дұрыс таңдау - баянды болашақтың бастауы» атты іс-шара өтті. Іс-шарада Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев педагогикалық мамандықтар туралы кеңінен таныстырды. Сондай-ақ, Оқу ордамыздың материалдық-техникалық базасы, педагогикалық мамандықтардың болашақтағы маңыздылығы мен еліміздегі оқу орындарының ішіндегі алатын орны жайлы баяндады. Іс-шараға қаламыздағы басқа да оқу орындарының өкілдері қатысты.

Сайрам ауданының білім бөліміне қарасты N 93 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін мектебінің 10-11 сынып оқушылары, 2024 жылдың 5 қазан күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне ашық есік күндері аясында келіп, Оқу ордамызбен танысты.

2025 жылдың 12 ақпан күні Шымкент қаласындағы Д.А. Қонаев атындағы жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушылары Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне келді. Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев және бөлім мамандары оқушыларды университеттің оқу ғимараттарымен, жатақханамен, үйірмелермен, кітапханамен, спорт алаңымен таныстырды. Сондай-ақ, педагогикалық мамандықтардың маңызы мен қазіргі таңдағы мәртебесі туралы кеңінен тарқатылып айтылды. Физика, Информатика, Биология кафедрасының оқытушылары өздеріне қарасты дәрісханаларды, зертханалық кабинеттерді көрсетіп, түлектерді оқуға келуге шақырды.

2025 жылдың 5 наурыз күні Шымкент қаласындағы 136 жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушылары Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне келді. Маркетинг бөлімінің мамандары күтіп алып, О.Жәнібеков кабинетінде оқушыларға университеттің ішкі құндылықтарымен

таныстырды. Сондай-ақ, педагогикалық мамандықтардың маңызы мен қазіргі таңдағы мәртебесі туралы кеңінен тарқатып айтты. Осы мектепте практикада жүрген Жаратылыстану факультеті, Химия кафедрасының 1507-31 оқу тобы студенттері өздері сабақ беретін оқушыларды университеттің оқу ғимараттарымен, жатақханамен, үйірмелермен, кітапханамен, спорт алаңымен таныстырды. Химия кафедрасының оқытушылары өздеріне қарасты дәрісханаларды, зертханалық кабинеттерді көрсетіп, түлектерді оқуға келуге шақырды.

2025 жылдың 7 наурыз күні Шымкент қаласындағы №135 жалпы орта білім беретін мектепте 11 сынып оқушыларына арналған кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында "Балалық шақтан-болашаққа бағдар" атты кездесу өтті. Кездесуге Шымкент қаласындағы 6 ЖОО-ның кәсіби бағдар беру бойынша өкілдері қатысты. Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев кездесуге қатысып, оқушылардың алдағы ҰБТ, мамандықты дұрыс таңдау, педагогикалық мамандықтың қазіргі таңдағы маңыздылығы мен біздің Оқу орны ұсынатын мүмкіндіктермен таныстырды. Оқушылармен сұрақ-жауап алмасып, көкейтесті сұрақтарға жауап берді.

2025 жылдың 5 сәуір күні Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде жылда өтетін "Алтын түлек" олимпиадасы биылда жалғасын тапты. Бұл олимпиадаға Шымкент қаласы мектептерінің 10-11 сынып оқушылары қатысты. Осы орайда, мектеп оқушыларын Маркетинг бөлімінің мамандары біздің университет ұсынатын педагогикалық мамандықтармен таныстырып, кәсіби бағыт-бағдар берді. Ал, оқушылар үшін ең маңызды сәтте Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев жүзден жүйрік шыққан Гүлсезім Токтамысованы ОҚПУ-дың Ректор грантымен марапаттады. Қазіргі таңда "Zerdeli international school shymkent" мектебінде ОҚПУ-дің 14 түлегін жұмыспен қамтып, өткен оқу жылынан бері 36 студент практикадан өткен.

2024 жылдың 11 сәуір күні Шымкент қаласындағы №140 жалпы білім беретін мектебінде Шымкент қаласындағы Оқу орындарының қатысуымен Ашық есік күндері аясында 9-11 сынып оқушыларына арналған «Мамандықтар жәрмеңкесі» атты іс-шара өтті. Іс-шарада оқушыларға педагогикалық мамандықтарды таңдаудың маңыздылығы мен біздің оқу орны дайындайтын мамандықтарды Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімі маманы Д.Е. Байбатшаева мен ОҚПУ жанындағы Ж. Аймауытұлы атындағы колледж оқытушысы Г. Сапарханқызы таныстырып, ақпараттар берді. Сондай-ақ оқушылардың ата-аналарымен сұқбаттасып, біздің Оқу Ордамызға оқуға шақырды.

2025 жылдың 11 сәуір күні Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев Шымкент қаласындағы №150 жалпы білім беретін мектебінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Кездесуде оқушыларға педагогикалық мамандықтарды таңдаудың маңыздылығы мен біздің оқу орны дайындайтын мамандықтарды таныстырып, ақпараттар берді. Сондай-ақ оқушылармен сұқбаттасып, біздің Оқу Ордамызға оқуға шақырды.

2025 жылдың 5 мамыр күні Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев Өзбекстан Республикасы, Шыршық қаласындағы қазақ мектептерінде бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар жүргізді.

Университет оқытатын білім беру бағдарламаларымен таныстырып, қандастарға арналған мүмкіндіктер мен оқуға түсуге арналған жеңілдіктер туралы түсіндірді.

2025 жылдың 7-8 мамыр күндері Өзбекстан Республикасы, Науаи облысы, Зарафшан қаласында Отандастар қорының ұйымдастыруымен Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық пен білім саласындағы әріптестікті нығайту мақсатында қазақ диаспорасы өкілдеріне Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қатысуымен білім көрмесі өтті. Көрмеге Қазақстанның беделді 10 университеті қатысты. Ө. Жәнібеков университетін Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев таныстырды. Оқу ордамыз жайлы жан-жақты ақпарат беріп, кәсіптік бағдар жүргізді.

«Қызғалдақ» мәдениет сарайында Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен “Таңда! Өзгер! Жасампаз бол!” тақырыбында республикалық форум өтті. Форумға Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ Басқарма мүшесі-Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Н.Хангелді, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев және Маркетинг бөлімінің маманы А.Т.Төлепбергенова, Филология факультеті мен Физика-математика факультетінің оқытушылары қатысты.

2025 жылдың 26 мамыр - 4 шілде аралығында «EduCampShum» 10 күндік оқу лагері бағдарламасы Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-да 3 ауысымға жалғасты. Жобаның басты мақсаты – оқушылардың жазғы уақытын тиімді пайдаланып, жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру. Сонымен қатар, бұл жоба арқылы жасөспірімдерге еңбекке баулу мен кәсіби әлеуетті дамыту міндеттері де шешімін табады. Осы жобаға барлық факультеттер мен кафедралар, жауапты бөлімдер атсалысты. Бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жасалды. Әр факультет өзіне бөлінген кестеге сәйкес оқу корпустарымен, лабораториялық-зертханалық кабинеттерімен таныстырды. Нәтижесінде оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығы артып, мектептер мен университет арасындағы байланыс күшейе түсті. Шымкент қаласындағы 14 мектептен оқушылар қатысты. Белсенді қатысқан кәсіптік бағдар педагогтері мен жауапты мұғалімдерге және оқушыларға Алғыс хаттар мен сертификаттар табысталды.

Маркетинг бөлімінің 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін жұмыстарының жоспары 2024 жылғы 31 тамыздағы №1 ғылыми кеңесінде бекітілді.

2024-2025 оқу жылында ОПҚ-ның кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу үшін Түркістан облысының аудандарындағы және Шымкент қаласындағы мектептер мен колледждердің факультеттерге бөлінуі.

№	Факультет атауы	Түркістан облысының қалалары мен аудандары	Шымкент қаласының мектептері	Түркістан облысы және Шымкент қаласының колледждері

1	Жаратылыста ну факультеті Декан: Айтбаева Айгүл Ергенқызы	Қазығұрт 64) Жетісай (73) Мақтарал 56)	1-21 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі, №12 мектеп-интернаты	Г.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық колледжі, «Мырзакент» көпсалалы колледжі, А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледж, Жетісай гуманитарлық колледжі.
2	Физика- математика факультеті Декан: Ибашова Альмира Байдабековна	Арыс(26) Бәйдібек(48) Ордабасы (64)	22-38 аралығындағы мектептер, Назарбаев зияткерлік мектебі, Үш тілде оқытатын №2 мектеп-интернаты, №8 М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған гимназия	Арыс гуманитарлық- техникалық колледжі, Асыл-Ой колледжі, «Жалын» әлеуметтік- педагогикалық колледжі.
3	Филология факультеті Декан: Масалиева Жанар Амалбаевна	Отырар (27) Созақ (33) Түлкібас (51)	39-60 аралығындағы мектептер, Үш тілде оқытылатын мамандандырылған №1 мектеп-интернаты, , №1 «Білім-инновация» қыз балалар лицей- интернаты (КТЛ)	Оңтүстік Қазақстан «Мирас» экономикалық- технологиялық колледжі, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық-техникалық колледжі, Отырар колледжі, «Парасат» колледжі, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық колледжі. Ақсукеңт көпсалалы колледжі.
4	Өнер және білім факультеті Декан: Байбатшасева Айдайкыз Еркінбековна	Сарыағаш (78) Келес(63) Шардара (24)	61-90 аралығындағы мектептер, «Өнер» мектеп-интернаты	Ә.Қастеев атындағы Оңтүстік Қазақстан өнер және дизайн колледжі, Оңтүстік Қазақстан Саз колледжі, Оңтүстік Қазақстан «Арыстанбаб» колледжі, «Сарыағаш» көпсалалы колледжі, Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі.

5	Дене шынықтыру және спорт факультеті Декан: Тұрыскұлов Өмірәлі Жүсіпұлы	Түркістан (32) Кентау(23) Сауран(55)	91-110 аралығындағы мектептер. Б.Саттарханов атындағы дарынды балалар спорт мектебі	Түркістан «Болашақ» колледжі, Түркістан гуманитарлық-техникалық колледжі, Түркістан индустриалды-педагогикалық колледжі, Этнопедагогикалық колледжі, Түркістан кәсіптік педагогикалық колледжі, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің «Түркістан Қ.А.Ясауи» кәсіптік колледжі, «Тұран» колледжі, Кентау гуманитарлық-техникалық колледж (Яссы), «Кентау көпсалалы колледжі, Түркістан кәсіптік-педагогикалық колледжі
6	Тарих және педагогика факультеті Декан: Таутаева Гүлдарига Батыршақызы	Төлеби (55) Сайрам (75)	111-128 аралығындағы мектептер №2 «Білім-инновация» ұл балалар лицей-интернаты (КТЛ)	«Авиценна» колледжі Оңтүстік Қазақстан «Фемида» колледжі.

Факультет/кафедра бойынша өткізілген кәсіби бағдар беру іс- шаралары жайлы

Жаратылыстану факультеті: 2024 жылдың 13 қараша күні Шымкент қаласындағы қазақ тілінде жалпы орта білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушылары арасында олимпиада өтті. Олимпиада барысында оқушыларға кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді. Университеттегі мамандандырылған зертханалар мен лингафонды кабинеттер, Ө.Жәнібеков атындағы орталық, қолөнер шеберханалары мен Оқу ордамыз дайындайтын педагогикалық мамандықтар, студенттерге арналған заманауи оқу ғимараттары мен жатақханалар, студенттік үйірмелер, т.б. мүмкіндіктер туралы толыққанды ақпарат беріліп, кеңінен таныстырылды. Жетісай ауданындағы «Н.Оңдасынов атындағы №14 ЖББМ» КММ-не және "М. Жұмабаев атындағы №15 жалпы білім беретін мектеп" КММ - не, «№17 «Түркістан» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Жаратылыстану факультетінің деканы А.ш.ғ.к., доцентті Айтбаева

Айгүл Ергенқызы кәсіби бағдар жүргізді. Сонымен қатар, Жаратылыстану факультетінің деканы А.Е.Айтбаева Жетісай қаласындағы Б. Момышұлы атындағы мектеп-лицейінде,, Білімді жастар - Қазақстанның болашағы,, атты тақырыпта бітіруші түлектерге арнап оффлайн семинар, Абай атындағы №4 жалпы білім беретін мектеп мектеп- гимназия” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Химия кафедрасының доценті Керімбаева К. З., аға оқытушы Есеналиев Е. Т., оқытушы Тулегенова А. Б. 2025 жылдың 13-14 наурыз күндері Қазығұрт аудандық мектептерге барып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізіп келді. Атап айтсақ, А. Байтұрсынов атындағы ЖББМ, Т. Рысқұлов атындағы МЛ, Қ. Сәтбаев МЛ, Қ. Тұрсынқұлов МЛ, Талдыбұлақ НОМ, Майбұлақ ЖББМ, Т. Токтаров ЖББМ, №11 санаториялық негізгі мектеп интернаты бітіруші түлектерімен кездесіп, университет тарихымен, даярлайтын БББ-мен және оқу ордамыздың студенттерге арнаған артықшылықтарымен таныстырылды. География кафедрасының профессор-оқытушылары Мырзалиева З.К., Изенбаев Б.Ж., Таскараева К.А., Турсумет Н.Б. сәуір айында Жетісай ауданы Асықата кентіндегі №10 Қайнар мектеп гимназия, №11 Жеңіс мектеп-гимназия, №76 ЖОББМ, №12 Әл-Фараби атындағы ЖОББМ және №13 Н.Төреқұлов атындағы ЖОББМ бітіруші түлектеріне үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Тарих және педагогика факультеті: Оқу ордамызға Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ұрбұлақ ауылы, Ұрбұлақ жалпы білім беретін мектеп оқушылары келді. Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Тарих және педагогика факультетінің деканы Г.Б. Таутаева, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Кылышбаев және де Арнайы педагогика кафедрасының оқытушыларының қатысуымен мектеп оқушыларына болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауына, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін білім жолын анықтауына университет тарапынан кәсіби бағдар жұмысы жүргізілді. 2025 жылдың 14 қаңтар күні Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының оқытушылары Онтуғанова Ш.Ш., Джумасаева Ж.А, Шымкент қаласында Global Education mektebi 8-9 шы сыныптары ұйымдастырған “Профи TIME”, “Мамандықтар әлемінде” тақырыбы аясындағы дөңгелек үстеліне қатысты. Мектеп оқушыларына мамандық пен университет таңдауда маңызды мәселелерге тоқталып, кеңестер берілді. Факультет деканы Гүлдарига Таутаева, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі Әсия Оразова, «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының меңгерушісі Гүлжан Орынбасарова Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылындағы оқу - өндірістік комбинат білім алушыларымен кездесіп, университетіміздің білім беру бағдарламаларымен таныстырды. “Әлем тарихы және дінтану” кафедрасының оқытушылары, студенттерінің ұйымдастыруымен Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №2 мектеп, Шымкент қаласындағы Т.Тәжібаев атындағы №47-мектеп, “Зерделі”, М.Жұмабаев атындағы №39-мектеп, Ж.Аймауытов атындағы №64-мектептердің 11- сынып оқушыларына арналған Ашық есік күні өтті. Ашық есік барысында оқушылар Ө. Жәнібеков орталығымен, Ө. Дербісәлі атындағы ғылыми кітапханамен, Н. Подушкин атындағы археологиялық орталық жұмысымен, спорт кешені, “Қазына” оқу корпусымен, оқу кабинеттерімен, №1 студенттер үйінің тіршілігімен танысты. 2025 жылдың 12 наурызында Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан

педагогикалық университетінде Тарих және педагогика факультетіне карасты Өлем тарихы және дінтану кафедрасының ұйымдастыруымен Шымкент қаласындағы 2 Ө. Бөкейханов атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушыларына арналған "Ашық есік" күні өтті. Кездесу барысында мектеп оқушылары маңызды ақпарат алды. Кездесу мектеп оқушыларының мамандық таңдаудағы сенімділігін арттырды.

Филология факультеті: Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Филология факультеті Түркістан облысы, Отырар ауданының мектептерінде факультет деканы Ж. Масалиева бастаған құрамда қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Д.Байғұтова, ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі Ғ.Сманова, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к. Т.Омар кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, аударма ісі және шетел тілі кафедрасының оқытушысы А.Мұсабекова, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. М.Пулатова, қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының студенттері Д.Болысбек, С.Сәуірхан оқу орны туралы мектептің 11-сынып оқушыларына жан-жақты таныстыру жүргізді. 2025 жылдың 14 қаңтар күні Филология факультеті, Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі А.К. Дилдабекова және оқытушылары Л.К. Карабаева, А.А. Даулетова, Л.С. Канаева, Б. Хамза және Ш.С. Момбекова Түркістан облысы, Түлкібас ауданындағы М. Ломоносов ат. мектеп-гимназиясы, Алғабас-1 ЖОМ, Ы. Алтынсарин ат. ЖОМ, әл-Фараби ат. ЖОМ, М.Әуезов ат.ЖОМ, С. Бреусов ат. ЖОМ, М.Бағысбаев ат. ЖОМ, Абай ат. жалпы орта мектептеріне барып кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. 2025 жылдың 17 қаңтар күні Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылары М.К. Пулатова, К.Т. Кан, Г.А. Темирбекова, Н.А. Сандыбаева Түркістан облысы Сайрам ауданындағы №7 Бабыр атындағы ЖОББМ, М. Горький атындағы ЖОББМ, А. Байтұрсынов атындағы және М.Сапарбаев атындағы мектептерде «Педагогикалық мамандықты таңдаудағы жастардың мүмкіндіктері» атты тақырыпта бітіруші түлектерге арнап кәсіби бағдар бойынша кездесу өткізді. Ағылшын тілі кафедрасының оқытушы-профессор құрамынан филология ғылымдарының кандидаты, доцент А. Байниязов, магистр оқытушылар Ж. Орманова, А. Апашова және А. Дроботова Оңтүстік өңірде ұстаздар ұстаханасына айналған ордалы оқу ордасына Қазақстанның келешегінен үміт күттіретін дарынды жастарды тарту мақсатында Түлкібас ауданы Тұрар Рысқұлов ауылындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп-интернаты мен Б. Садыков атындағы жалпы білім беру мектебінде және Шымкент қаласындағы №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Ағылшын тілі кафедрасының оқытушылары Дроботова А.В. мен FullBright бағдарламасы бойынша келген волонтер Ишанпепе Джагуса және 3,4-курс білім алушылары №99 орта мектебіне барып, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасы оқытушылары А.К. Дилдабекова, М.Р. Кудайбергенова, Ш.С. Момбекованың "Кентау шұғыласы" газетіне "Тіл білу - болашаққа бастар жол" атты мақаласы жарияланды. Мақалада қазіргі таңда тіл білудің маңыздылығы, шет тілін меңгерудің артықшылықтары кеңінен баяндалады. Осы орайда, Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ сапалы әрі шет тілін жүйелі түрде оқытатын, кәсіби мамандарды даярлайтын бірден бір Оқу

ордасы болып табылатынын мақтанышпен жазып, бітіруші түлектерді оқуға шақырады. Филология ғылымдарының кандидаты Ж. Балажанова Шымкент келбеті газетіне Оқу ордамыз жайлы мақаласы шықты.

Өнер және білім факультеті: 2024 жылдың 14 қараша күні кафедра меңгерушісі Т.С. Бүркітбаев және оқытушы Г.М. Сарыбаев, факультетте кәсіптік бағдарға жауапты оқытушы С. Дюсебаев, кафедраның кәсіптік бағдар жұмысына жауапты оқытушысы Қ.Т.Мусакулов факультеттің жоспарланған кәсіптік бағдар жұмыстарын Ә. Кастеев атындағы өнер және дизайн колледжінде өткізді. Осы іс-шараны өткізу барысында біздің университетте оқытылатын 6B01404-Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау және 6B02101-Дизайн білім беру бағдарламаларының қыр-сыры толығымен баяндалды. Сонымен қатар, колледж білім алушыларының көкейінде жүрген сұрақтарына жауаптар берілді. Жоспарланған іс-шара өз деңгейінде өтті. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі Бүркітбаев Талғат пен кәсіптік бағдарға жауапты оқытушы Мұсақұлов Құсан Шардара ауданының орналасқан Шардара мектеп лицейі, А. Иманов атындағы ЖББМ, Қоссейіт ЖББМ, Ш. Уәлиханов атындағы ЖББМ, Жаушықұм мектеп лицейі, Құрманғазы Сағырбаев атындағы ЖББМ, М. Горкий атындағы ЖББМ, Б. Соқпақбаев атындағы ЖББМ-не кәсіптік бағдар жұмыстарын жасады. Өнер және білім факультетінің кәсіби бағдар жұмыстары бойынша бір топ профессор-оқытушылар құрамы қаламыздағы N66 Қазығұрт жалпы орта білім беретін мектебінде «Кәсіп таңдаудың көкжиектері» атты қалалық оқу семинарына қатысып қайтты. Іс-шараға мектептер, Шымкент қаласының білім басқармасының уәкілі, ЖОО, орта арнаулы оқу орнының өкілдері қатысып, бітіруші оқушыларға түрлі білім беру бағдарламаларын таңдаудың маңыздылығы түсіндірілді. Өнер және білім факультеті мектеп фойесіне «Ұлттық құндылықтар» негізінде көрме ұйымдастырылды. Факультет деканы А.Е.Байбатшаева сөз алып, университетіміздің тарихы, білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері мен ережелеріне және оқушылардың сұрақтарына нақты жауап берді. Сонымен қатар, университет жанындағы Ж.Аймауытов атындағы колледжге түсуге кәсіптік бағдар жұмыстары жүргізілді. “Өнер және Білім” факультеті кәсіби бағдар жұмысы бойынша Түркістан облысы Сарыағаш қаласының Қ.Сатпаев атындағы 10-шы мектеп-гимназия интернатында ауқымды іс-шара өткізді. “Музыкалық білім”, “Кәсіптік оқыту және бейнелеу”, “Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу” кафедраларының оқытушылары мен Ж.Аймауытов атындағы колледж оқытушылары № 4 Ю. Гагарин атындағы ЖББМ, № 2 А.Сүлейменов атындағы ЖББМ, №66 Толыбай батыр атындағы ЖББМ, №1 М.Әуезов атындағы ЖББМ, №3М.Ломоносов атындағы ЖББМ, №6 Ж.Аймауытов атындағы ЖББМ, №71ЖББМ, №61ЖББМ, №71ЖББМ, №60-ЖББМ, Смайлов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушыларына кәсіптік бағыт-бағдар берді.

Физика-математика факультеті: 2024 жылдың 27 қараша күні Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті. Академиялық істер департаментінің директоры, ф.м.ғ.к. Д.Т.Бердалиев, Физика-Математика Факультетінің деканы, п.ғ.к. А.Б.Ибашова, Математика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., аға оқытушы Г.О. Жетпісбаева, Техас университетінің (Эль

Пасо,АҚШ) профессоры М.А.Чошанов Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мен Шымкент қаласындағы ер балаларға арналған №1 «Білім-инновация» лицей-интернатына кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді. 2024 жылдың 12 қараша күні кафедраның профессор - оқытушылары ф-м.ғ.к Б.Қ.Рахашев, аға оқытушылар Б.Х.Садық және Б.З.Әбдіқадыр, инженер Ә.Ж. Керімтай болып Шымкент қаласындағы "Грант +" қосымша білім беру орталығына барып, ҰБТ-ға дайындық курсының тыңдаушыларына кәсіптік бағдар берді. Жалпы 300 -ден аса оқушылармен кәсіби бағдар жұмыстары жүргізіліп, жарнамалық буклеттер таратылды. Педагогикалық мамандыққа және Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ нің білім беру бағдарламаларына қызығушылық танытқан талапкерлерге " Ашық есік күніне" оқу орнымен танысуға шақырды, сұрақтарына жауап берді. Математика кафедрасының меңгерушісі Жетпісбаева Г.О., оқытушылар Егембергенова М.Ы., Муратбекова У.А., Елтуреев Б.К. 8 сәуір 2025ж. Ордабасы ауданында орналасқан Елтай Ерназаров атындағы жалпы білім беретін мектеп, Жамбыл ат. жалпы ОМ, І. Есенберлин ат. жалпы ОМ, Тәукехан ат. жалпы ОМ, Зиядин Исабеков ат. жалпы ОМ, Жамбыл ат. ОМ, Алтынсарин ат. мектеп, Ө. Махамбетов ат. мектеп, Дінмұхамед Қонаев ат. жалпы ОМ, Жусансай жалпы ОМ, С. Мұқанов ат. жалпы ОМ, Ұлагат жалпы ОМ, Ұлы-орда мектептеріне барып, кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.

Дене шынықтыру және спорт факультеті: Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі А.М. Испандиярова және магистр оқытушылары Е.А Даншибанов пен А.О Каратаев Шымкент қаласындағы Б. Саттарханов атындағы спорт мектебіне кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының профессор-оқытушылары құрамы магистр-оқытушылар А.Б.Жұмабаев, М.Д.Катешов, Т.Ж.Түймебай 16.01.2025ж. кәсіби бағдар жұмыстарымен Шымкент қаласының №91,92,98,100 жалпы орта мектептеріне барып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Университет жайлы бейнероликпен таныстырып, бітіруші сынып оқушыларының мамандықтар туралы көкейлерінде жүрген сұрақтарына, сондай-ақ мектеп мұғалімдерінің магистратураға түсу туралы ойларына жауаптар берілді. Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы б.ғ.к, аға оқытушы Г.Т.Жусипова, магистр-оқытушы Д.А.Батаев, аға оқытушы К.Д. Айдарбеков Шымкент қаласының №94,96,97 жалпы орта мектептеріне барып кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі таңда Түркістан облысында жалпы орта білім беретін 1084 ұйым жұмыс істейді. Ал, Шымкент қаласында мектептер саны – 284.

Факультеттерге бөлінген мектептерге кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу туралы мәлімет

Жаратылыстану факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 21 мектептің 17-не кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 193 мектептің 116-іне кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Тарих және педагогика факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 18 мектептің 6-на кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 130 мектептің 55-іне кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Өнер және білім факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 30 мектептің 22-не кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 165 мектептің 21-не кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Дене шынықтыру және спорт факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 20 мектептің 19-ына кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 110 мектептің 10-ына кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Филология факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 22 мектептің 19-на кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 111 мектептің 10-не кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Физика-математика факультеті: Шымкент қаласындағы бөлінген 17 мектептің 17-не кәсіби бағдар жүргізілді. Түркістан облысының аудандарына қарасты бөлінген 138 мектептің 40-на кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ОПҚ-ы Түркістан облысының аудандары және Шымкент қаласының мектептеріне жалпы есеппен **2024-2025 оқу жылында** Шымкент қаласындағы мектептердің 79 % -на, Түркістан облысы мектептерінің 33% -на кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді.

Қорытынды

Маркетинг бөлімі 2024-2025 оқу жылындағы кәсіби бағдар бойынша жұмыстары жоспарға сәйкес орындалды. Факультет, кафедраларының оқытушы-профессорлары факультеттің кәсіби бағдарға жауапты мамандары бекіткен Түркістан облысының мектептерінде, Шымкент қаласының мектептерінде кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, Маркетинг бөлімінің басшысы А.Д. Қылышбаев Өзбекстан Республикасындағы Шыршық, Зарафшан қалаларында кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізіп, ұлты қазақ шетел азаматтарын оқу орнымызда оқуға шақырып, білім беру бағдарламаларымен және оқу орнының жетістіктерімен таныстырып келді. Қорыта айтқанда бөлім, факультеттің және кафедраларының кәсіби бағдар жұмыстары бойынша 2024-2025 оқу жылындағы жоспары орта есеппен 39% пайызға орындалды.

Кәсіби бағдар беру мақсатында университеттің, бөлімнің, факультеттің, кафедраның инстаграм, Фейсбук, парақшалары жұмыс жасап, университет имиджін көтеретін жарияланымдар салынып тұрады. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары туралы акпараттық видеороликтер көрсетілді.

Ұсыныстар:

- Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ студенттерінің контингентін жоғарылату мақсатында факультет декандары, кафедра меңгерушілері мен профессор-оқытушылардың кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу жүйесін жандандыру.
- Білім беру көрмелеріне қатысу, «Ашық есік» күндерін тұрақты өткізу және әлеуметтік желіде белсенділікті арттыру.

**Маркетинг бөлімінің 2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмысына
SWOT-талдау**

Strengths (күшті жақтары)	Weaknesses (әлсіз жақтары)
- Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша қамтылған мектептердің саны артып, жұмыс ауқымы ұлғайды. - Түркістан облысының және Шымкент қаласының көптеген елді-мекендерінде қарқынды түрде кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілді. - Қазіргі ақпараттық қоғамның басты қаруына айналған әлеуметтік желідегі парақшамыз белсенді түрде жұмыс жүргізілуі. - Біздің Оқу ордамызға Түркістан облысы мен Шымкент қаласының орта білім беретін мектептерінің ұстаздары оқушыларымен бірге келіп, танысып, қызығушылық танытуда. Педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша Оңтүстік өңірде мамандар дайындайтын бірден-бір ЖОО Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ екенін барлық мектеп бітірушілер нақты біледі; - Білім алушылар үшін тегін оқуға мүмкіндік беретін әскери кафедраның болуы;	- Алыс шалғайдағы ауыл мектептерін қамту мүмкіндігі аз. - Ұлты қазақ болып табылатын шетел азаматы және шетелдік студенттерді шақыру мақсатында іс-сапарлар жасау мүмкіндігі аз.
Opportunities (мүмкіндіктері)	Threats (ісқайыптер)
- Кәсіби бағдар жұмыстары әлеуметтік желілер арқылы жарнамаланып, виртуалды түрде университетті таныту мүмкіндігі бар. - Университеттің білім беру бағдарламалары бойынша ақпараттар мектеп бітіруші, талапкерлер үшін әрқашан қолжетімді. - Жергілікті мектептермен, колледждермен меморандумдар жасау арқылы жаңа талапкерлер тарту.	- Университетімізді таныту мақсатында өтетін халықаралық көрмелердің ақылы болып, қатыса алмағанымыз, оқу ордамыздың имиджіне әсері болуы. - Басқа ЖОО-лар арасындағы бәсекелестіктің артуы.

Маркетинг бөлімінің басшысы



А.Д. Кылышбаев